

Why did Jesus Die?



1. Құдайдың кешіріміне мұқтаж екенімізді айтады.

Марқа 2:17 “Мұны естіген Иса әлгі діндарларға былай деп жауап берді: — Дәрігер дені сауға емес, ауру адамға қажет. Мен «әділдерді» емес, күнәкарларды (теріс жолдан қайтуға) шақыру үшін келдім.”

Рим. хат 3:10 “Киелі жазбаларда бұл туралы мына тәрізді сөздер бар: Бірде-бір әділ кісі жок,

Матай 18:11 “(Мен, Құдай тағайындаған Билеуші, тұра жолдан адасып кеткендерді құтқаруға көктен келдім.)

2. деп жазылған. Демек біз күнәларымызға бола мәңгілік өлім жазасына кесілдік.

Матай 15:18-20 Бірақ адамның аузынан шыққандары оның жүргегінен, яғни ішкі дүниесінен, шығады. Адамды арамдайтын, міне, осылар! Себебі жүректен шығатындар мыналар: жаман ойлар, кісі өлтіре, неке адалдығын бұзу, азғындық, ұрлық, етірік, жамандау. Осылар адамды арамдайды. Ал қол жуу рәсімін орындастан тамақ ішу ешкімді арам қылмайды.

Рим. хат 6:23 Күнәның беретіні – (мәңгілік) өлім, ал Құдайдың беретін сыйы – Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы мәңгілік өмір.

Марқа 16:16 Кім сеніп, шомылдыру рәсімінен өтсе, сол құтқарылады. Ал кім сенбесе, сотталады.



There is a cost for our sin!

3. Құдай біздің күнеларымызды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Тәңір алдында акталдық»

Матай 1:21 “Мәриям Ұл таппақ, Оның атын Иса деп қой! Себебі Ол халқын күнеларынан құтқаратын болады», — деді.”

Рим. хат 5:8 Дегенмен, әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді.

Жохан 3:16-17 Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Үлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенушілік жаңы тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады. Құдай Өзінің рухани Үлын адамзатты соттауға емес, құтқаруға жіберді.

Матай 18:11 “(Мен, Құдай тағайындаған Билемеш, тұра жолдан адастып кеткендерді құтқаруға көктен келдім.)

4. Сіз оны Құдайдың мейірімі мен рақымдылығының арқасында болатын сенім арқылы ғана аласыз.

Ефес. хат 2:8-9 Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдындар. Бұл өздеріңің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый, сондықтан иті істерімнің арқасында құтқарылдың деп ешкім мақтанбасын.

Титке арналған хаттың 3:5 «...Ол бізді жасаған әділ істерімізге бола емес, Өзінің мейіріміне бола күнәдан жуып тазартып, Киеle Рухы арқылы рухани қайта туғызып жаңартты».

Елшіл. істері 4:12 Исадан басқа ешкім де бізді (Құдайдың қаһарынан) құтқара алмайды! Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!


5 Құтқарушиңыз ретінде сенсөніз, күнәларыңыз кешіріледі. Ефестіктерге.

Марқа 9:23 “Иса оған: — «Қолыңыздан келсе» деген не сөз? Сенушіге бәрі де мүмкін, — деп жауап берді.”

Марқак 1:15 “«Енді уақыт жетіп, Құдайдың Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды! Теріс жолдан қайтып, Құдайдың жолына түсіп, Ізгі хабарға сеніндер!»”

Марқа 10:15 “Сендерге шындығын айтайын: кім Құдайдың Патшалығын бала сияқты қабылдамаса, оған кіре алмайды. —

Рим. хат 10:9,10,13 Өз аузымен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасан, жүргегінде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткенине сенсөн, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүргегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады. Себебі: «Иеміздің атын атап Оған сиынған әркім құтқарылады» деп те жазылған.



Put your faith in Christ alone!

Егер сіз Иса Мәсіхті өзіңіздің жеке Құтқарушиңыз ретінде қабылдан, Құдайдан кешірім алғыңыз келсе төменде көрсетілгендей мінажат етіңіз. Алайда есіңізде болсын: сіз әншіейін сиыну арқылы құтқарылмайсыз, ең бастысы сіз өз күнәларыңыздың Иса Мәсіх арқылы кешірілгеніне сенуіңіз керек. Ал мінажат ету арқылы сіз өзіңіздің Құдайга сенетініңізді және сізді құтқарғаны үшін Оған риза екеніңізді білдіресіз.

«Құдайым!

Мен Сенің алдында күнә жасағанымды мойындеймын және жазалануға тиісті екенімді білемін. Бірақ Иса Мәсіх менің Оған артқан сенімім арқылы кешірілуім үшін менің тартатын жазамды Өз мойнына алды. Мен өз күнәларымды мойындеймын және менің құтқарылу жолым жалғыз Сен ғана екеніне сенемін. Сенің маған төккен рақымыңа және бірген кешіріміңе раҳмет! Аумин!»